

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырумен байланысты ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 380, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 13 қаңтардағы № 23, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 29 желтоқсандағы № 485 және Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі төрағасының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы № 102-н/қ бірлескен бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 20.11.2025 ж. бастап күшіне енеді

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қоса берілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидалары бекітілсін.

2. "Қылмыстық мониторингті жүзеге асыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау үшін қажетті ақпаратты, мәліметтермен құжаттарды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 338, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 300-НҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 15 қазандағы № 696, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 361 бірлескен бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз

қызметінің барысында алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттарды, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың және олардың сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы бірлескен бұйрық 2025 жылғы 20 қарашадан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Атом энергиясы жөніндегі

агенттігінің төрағасы

_____ А. Саткалиев

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Сапаров

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ М. Такиев

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы

_____ Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасының

Атом энергиясы жөніндегі

агенттігінің төрағасының

2025 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 102-н/қ,

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2025 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 485,

Қазақстан Республикасының

Қаржылық мониторинг агенттігі

төрағасының

2025 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 380,

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрінің

2025 жылғы 13 қаңтардағы

№ 23, бірлескен бұйрығымен

бекітілді

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен

байланысты ақпараттармен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру жөніндегі өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Заң) 17-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Қағидалар құзыретті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне (бұдан әрі – ҚМА) қаржылық мониторингті және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру (бұдан әрі – ЖҚҚТҚ) белгілері бар операциялар бойынша алынған ақпаратты талдауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) өзіндік ерекшелігі бар тауарлар – қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлар, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар;

2) жаппай қырып-жою қаруы – химиялық, бактериологиялық (биологиялық), радиологиялық, ядролық және уытты қару;

3) қаржылық барлау бөлімшелері (бұдан әрі – ҚББ) – қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және ЖҚҚТҚ-ға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын ҚМА бөлімшелері

4) қосарланған мақсаттағы тауарлар – өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген, азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ жаппай қырып жою қаруын және оны жеткізу құралдарын, қару-жарақты, әскери техниканы жасау үшін қолданылуы мүмкін өнім (оның ішінде бағдарламалық қамтылым мен технологиялар);

5) ядролық және арнайы ядролық емес материалдар – ядролық қаруды таратпау жөніндегі халықаралық режимнің талаптарына сәйкес осындай деп белгіленген материалдар.

3. ЖҚҚТҚ белгілері бар операциялар бойынша қаржылық мониторинг жүргізудің негізгі міндеттері:

1) ЖҚҚТҚ белгілері бар күдікті операцияларды анықтау;

2) ақпараттық жүйелерді және ресурстарды, өзге де дереккөздерді пайдалана отырып, деректер жинау;

3) гипотеза құрастыру және күдікті операциялар бойынша қаржылық мониторингті жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының, сондай-ақ шетел мемлекеттердің аумағында да күдікті операциялардың ауқымын айқындау;

5) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін тәуекелдерге бағалау жүргізу болып табылады.

4. ЖҚҚТҚ Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) халықаралық міндеттемелерді бұза отырып не тиісті жағдайларда ядролық, химиялық немесе биологиялық қару мен оны жеткізу құралдарын (қосарланған мақсаттағы технологиялар мен өнімді қоса алғанда) өндіру, сатып алу, иелену, әзірлеу, экспорттау, трансшекаралық орнын ауыстыру, делдалдық, тасымалдау, беру, жинақтау немесе қолдану үшін толық немесе ішінара пайдаланылатын қаражатты беру немесе қаржылық қызметтерді көрсету жөніндегі әрекетті білдіреді.

2-тарау. Қаржылық мониторингті жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен, мәліметтермен және құжаттармен алмасу және оларды беру тәртібі

5. ҚМА сұрауы бойынша:

1) биологиялық қауіпсіздік және биологиялық тәуекелдерді басқару саласындағы уәкілетті орган:

биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату және жою;

өткізілетін (тасымалданатын) объектілер мен биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу;

патогенді биологиялық агенттерді әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау) және пайдалану үшін биологиялық технологияларды және өзге де аралас технологияларды қолдану саласында патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды;

2) уран өндіру саласындағы уәкілетті орган:

уранды барлау және (немесе) өндіру үшін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға;

жер қойнауының стратегиялық учаскелерін сатып алу және (немесе) жалға алуға;

уранды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға және оның мердігерлеріне;

уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды реттеуге;

уранды барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беруге және тоқтатуға;

жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық өндірушілерден тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша міндеттемелерді орындау мониторингінің қорытындыларына;

жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуына қатысты ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды;

жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер туралы өзге ақпаратты ұсынады (қатысу үлесі, пайлар, акциялар және үлестік қатысудың басқа да нысандары, сондай-ақ меншік құқығын растайтын не уранды барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы акцияларға, қатысу үлестеріне, пайларға және үлестік қатысудың басқа да нысандарына айырбасталатын бағалы қағаздар болып табылады);

3) мемлекеттік кірістер органы:

өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, кері экспортына, импортына, орнын ауыстыруға;

өзіндік ерекшелігі бар тауарлар айналымы бойынша сыртқы экономикалық қызмет субъектілеріне қатысты ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды;

қосарланған мақсаттағы тауарларды әкелу бойынша мәліметтерді және қосарланған мақсаттағы тауарлардың экспортының, кері экспортының, импортының, транзитінің қажетті құжаттарын ұсынады;

4) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган қызметі:

радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ядролық отынды жинауды, сақтауды және көмуді ұйымдастырумен;

ядролық және радиациялық авариялар салдарларын жою жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етумен;

аспаптарды, қондырғыларды, заттарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелумен және аумағынан әкетумен;

ядролық материалдарды және (немесе) иондаушы сәулелену көздерін берумен және (немесе) тасымалдаумен;

атом энергиясын пайдалану объектілерімен жұмысты жүзеге асырумен;

радиоактивті қалдықтарды және (немесе) пайдаланылған радионуклидті көздерді сақтау немесе көму пункттеріне берумен және (немесе) тасымалдаумен;

пайдаланылған ядролық отынды сақтау немесе көму пункттеріне не ядролық материалдармен жұмыс істеуге тиісті лицензиялары бар атом энергиясын пайдалану объектілерімен жұмыс істеді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға берумен;

ядролық қондырғылар мен көму пункттерін салумен;

ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың, жабдықтардың, қондырғылардың, технологиялардың, иондаушы сәулелену көздерінің, жабдықтардың,

қосарланған мақсаттағы тиісті тауарлар мен технологиялардың, оларды өндірумен байланысты жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортымен және импортымен; ядролық немесе радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығарумен және көму пунктін жабумен байланысты кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

6. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде ұсынады.

Сұрау салу Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының шұғыл тапсырмасына сәйкес жолданған жағдайда ақпарат мемлекеттік органға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі. Бұл ретте сұрау салуда тиісті тапсырманың күні мен шығыс нөмірі көрсетіледі.

7. Мемлекеттік органдар ҚББ сұрау салуы бойынша ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды электрондық түрде таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқыза отырып, электрондық тасығыштарда ұсынады.

8. Мемлекеттік органдар жаппай қырып-жою қаруын тарату тәуекелдері мен қауіптерін бағалау кезінде ЖҚҚТҚ тізбесін пайдаланады.

Мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде ҚМА-ға:

- 1) ЖҚҚТҚ тізбесіне енгізілген және одан шығарылған ұйымдар мен жеке тұлғалар;
- 2) қызметі радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ядролық отынды жинаумен, сақтаумен және көмумен байланысты адамдар;
- 3) қызметі уран өнімін, ядролық материалдарды және халықтың және (немесе) қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзге де материалдарды сақтаумен, орнын ауыстырумен, пайдаланумен байланысты адамдар;
- 4) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды әкелуге немесе әкетуге арналған валюталық келісімшарттар, өзіндік ерекшелігі бар тауарлар экспорты мен импортына лицензиялар, қосарланған мақсаттағы тауарлар бойынша эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге арналған рұқсаттар, қосарланған мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына арналған лицензиялар, ядролық материалдарды және (немесе) иондаушы сәулелену көздерінің айналысына, оларды беруге арналған лицензиялар, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласына жататын қажетті құжаттар мен ақпарат, атом энергиясын пайдалану объектілерімен жұмыс істеуге арналған лицензиялар туралы туралы ұсынған ақпараты, мәліметтері және материалдары қаржылық мониторингті жүзеге асыру ЖҚҚТҚ қаржылық мониторингін және оған қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

3-тарау. Жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру белгілері бар операцияларға қаржылық мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттың, мәліметтер мен құжаттардың құпиялылығын қамтамасыз ету

9. Мемлекеттік органдардың қаржылық мониторингке жататын мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беруі Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады және қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету болып табылмайды.

10. ҚББ өз қызметінің процесінде алған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттарды, мәліметтер мен құжаттарды тиісті сақтау, қорғау режимін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.